

# Н ТУЫ

ЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

декабрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## және і

нан есеі беру мін-  
д, осының барлығы-  
едседателі Котельни-  
еді. Сөйтіп, ол совет-  
қаралық жұмыстарын  
ыр. Бескөл селолық  
а осындай. Екі со-  
кемшіліктердің орын  
млекеттік мал өсіру,  
парлары орындалмай  
дың барысы тиісті  
мгі егіске әзірліктің  
ялу.

еңбекшілерімен бір-  
еңбекшілері де кемен-  
жолдасқа жазғач  
ңкі міндеттемелер  
емелерді жүзеге асы-  
ыруда жергілікті Со-  
атқарады. Олай бол-  
ер ауыл- село ен-  
аяси- тәрбие жұмыс-  
ра сай мейлінше  
ардың социалистік  
тылы басшылық жа-  
с.

барлық саласында со-  
қорытындыларын  
тарының іс тәжірибе-  
асында кеңінен на-

### Көктемгі егіске әзірлік

#### Үлгілі әзірлік

Совет ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын онан әрі арттыру жөніндегі партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға жұмыла отырып, көктем егісіне әзірлікті қызу қарқынмен жүргізуде.

Мұнда кәзірдің өзінде 8 плуг, 5 сеялка және 120 тырма сапалы жөндеуден өтті. Мұнымен бірге, бірнеше тонна көң жыйналып үйілді.

Колхоз басқармасы (председателі Қанапин жолдас) қолда бар күш-мүмкіншілікті іске тиімді пайдаланудың нәтижесінде көктем егісіне әзірлікті дергезінде және ойдағыдай аяқтаудың нақтылы шараларын белгіледі. Кәзір бұл шаралар колхозда табандылықпен жүзеге асырылуда.

Көктем егісіне әзірлік жұмыстарында П. Данилов жолдас басқарған № 2 бригада алда келеді. Бригада алдағы жылы 800 гектар жерге дәнді дақылдар егуге тиіс болса, оған қажетті сортты тұқым қорын мол дайындап, оны түгел тазалап, сабу дәрежесіне жеткізген.

Бұл бригадада ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу және қысқы агрономиялық шараларды жүзеге асыру жөнінде тағайындалған тапсырма үнемі артығымен орындалуда. Бригада 5 плуг, 3 сеялка және 50 тырманы сапалы жөндеу-

Партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының міндеті—социалистік құрылыстың барлық учасоктерінде жарысты кеңінен өрістетуге, озаттар мен жаңашылдардың жақсы жұмыс өнегелері мен прогресшіл бастамаларын барлық күшімен қолдап отыру, озат тәжірибені бүкіл еңбекшілер бұқарасының арасына барынша таратып отыру, сөйтіп, артта қалғандардың алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жетуіне көмектесу.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

## Облыстық X комсомол конференциясы

6-7 декабрь күндері облыстық X комсомол конференциясы болып өтті. Конференцияда ҚЛКЖО облыстық комитетінің және тексеру комиссиясының есептері тыңдалды.

ҚЛКЖО облыстық комитетінің есебі жөнінде баяндама жасаған облыстық комсомол комитетінің секретары Белетченко жолдас облыс комсомол ұйымы өзінің конференциясына Коммунистік партияның, кәсеміміз Сталин жолдасының төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып келгенін атап көрсетті. Облыстың комсомолдері мен жастары, бүкіл совет халқы сыяқты, партияның XIX съезінің қарарларын, П. В. Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін және кәсемнің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегін елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақтылы программалары ретінде зор қуанышпен қарсы алып, бұл тарихи документтерді жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Кәсіпорындары мен транспортта және ауыл шаруашылығында стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп жүрген комсомол-жастар бригадасы көптеп саналады. Алайда, комсомол ұйымдары барлық комсомолдердің өндірісте авангардтық роль атқаруына жетісе алмай келеді. Кейбір кәсіпорындарының, атап айтқанда, Киров

там түрлі ауылшаруашылық машиналарын алды. МТС механизаторлары партия мен үкметіміздің қамқорлығына, отандық техниканы терең игеріп, оның қуатын толық пайдаланумен жауап береді. МТС-тің жас механизаторлары Ставрополь комсомолдерінің бірнеше мамандықты үйрену жөніндегі үндеуін толық қуаттады. Кәзір, біз, комбайншылар тракторшы мамандығын алу үшін күресудеміз.

Парсыз депосы комсомол ұйымының секретары Токарев жолдас өзінің сөзінде облыстық комсомол комитетінің жұмысындағы біржақтылыққа тоқталды. Депо комсомол ұйымының жұмысында кемшіліктер болумен қатар, жетістіктер де көп. Ұйымдағы 600 комсомолдың басым көпшілігі өндіріс озаттары болып саналады. Бірақ, амал не облыстық комсомол комитеті оның секретары Воиников жолдас өндіріс озаттарының тәжірибелерін жыйнақтап, тарату мәселесімен шұғылданбайды. Облыстық комитеттің қызметкерлері істегі кемшіліктерді көрумен ғана қанағаттанбай, жас теміржолшылардың инициативаларын үнемі қолдап отыруға тиіс.

Соколов аудандық комсомол комитетінің секретары Пономарев жолдас өзінің сөзінде облыстық комсомол комитетінің село комсомол ұйымдарына шаруашылық мәселелерді шешу жөнінде нақтылы көмек көрсетпей келгенін айтты. Комсомол ұйымдары қажырлылықпен еңбек етуде

Комсомол комитетінің мәжілісінде пионер вожатыйлары мен комсомол тобын ұйымдастырушылардың жұмыс тәжірибелері жөніндегі мәселе қаралады.

Оспанова жолдас сөзінің соңында мектеп оқушыларының физкультура және спорт жұмысына ынталары зор екенін айта келіп, мектеп дирекциясы бұл мәселеге назар аудармай отырғанын сынады. Физкультура сабағы өтетін үй суық.

—Облыстық комсомол комитетінің, — деді ол, — мектеп комсомол және пионер ұйымдарының жұмысына үстірт басшылығын айтпай кетуге болмайды. Быйыл біздің мектенге облыстық комитеттің қызметкері Гусева жолдас келді, біз одан көмек күттік. Бірақ, не пайда Гусева жолдас пионер вожатыйлары мен бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының бірде-бірімен кеңеспей, кейбір мәліметтермен қанағаттанып кете барды.

Чистов механиция мектебі комсомол ұйымының секретары Қрешнякова жолдас өзінің сөзінде аудандық комсомол комитетінің, сол сыяқты, облыстық комсомол комитетінің жас механизатор кадрларын даярлауға жеткілікті көмек көрсетпейтінін айтты.

—Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде, — деді Ленин ауданынан келген делегат Седнев жолдас, — мәдени-ағарту мәселелері зор роль атқаратын. Идеоло-

тұрса да, бірқатар ауыл-селолық Советтер бұл маңызды мәселеге жете назар аудармайды. Мысалға Приешім ауданындағы Боголюбово селолық Советі мен Петропавл ауданындағы Бескөл селолық Советін алайық.

Боголюбово селолық Советінде 4 тұрақты комиссия бар. Олардың бірде-бірі өздеріне жүктелген міндетті орындамай келеді. Советтің сессиясы уақытында өткізілмейді. Селолық Совет қызметкерлерінің совет активтерімен байланысы нашар. Советтің депутаттары сайлаушылар ара-

легон сөзіп және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін үнемі басшылыққа алып отыруға тиіс. Совет активтері бұл тарихи документтерді еңбекшілер бұқарасына жете түсіндіруге міндетті. Сөйтіп, барлық ауыл-селолық және поселкелік Советтер жаңа, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресіне өздерінің келелі үлестерін қоса білулері керек. Міне, жергілікті Советтердің бүгін таңдағы басты міндеті осы.

## Өскемен СЭС-і құрылысында

### Шлюзді навигацияға әзірлеу

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-нің шлюзі 2 жылдан бері уақытша пайдаланылып келді. Осы уақыт ішінде шлюзден мыңнан аса әртүрлі кемелер мен салдар өтті. Кәзір су торабының құрылысшылары шлюзді жаңа навигацияға, оны тұрақты пайдалануға тапсыруға әзірлеуде. Шлюздің камерасы судан құрғатылған, өзеннен бөгет арқылы бөлінген.

Навигация шлюз коллективі үшін елеулі сынақ болмақ. Бетон камераның түбінен серпаторлардың үні естіледі. Шлюздің түбі тегістелуде. Камераның түбін өңдеуде Дерикоштің серпаторшылар бригадасы стахановша еңбек етуде. Бригада күн сайын тапсырмадан тыс 2—3 скважина бұрғылайды.

## Ертістің жас өзеншілерінің слеті

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Ертістің жас өзеншілерінің слеті болды. Слетте жоғарғы Ертіс пароходствосы саяси бөлім бастығының орынбасары Чистов жолдас навигацияның қорытындысы және флотты келесі жылы пайдалануға әзірлеудің міндеттері туралы баяндама жасады.

Пароходствоның өзеншілері арасында көптеген жастар бар. Өткен навигацияда жүк тасуда кемелердің 8 комсомол-жастар экипажы істеді. Олардың бәрі де тапсыр-

Абылқасанов, Базилов, Кожухов басқарған бригадалар плотинаға бетонның соңғы мың текшеметрін құюда. Бұл плотина құрылыстың аса маңызды объектілерінің бірі. Бұл шлюз участогіндегі су қоймасының орасан зор қысымын бөгеу тұратын болады. Бетон құю жұмысын шапшаңдату үшін участок коллективі сол жақ жағалау басқармасы мамандарының бетонды ірі блоктармен қалау әдісін қолданды. Басқа объектілерде, қысқы жағдайда сыналған бұл әдіс, бетон құятын қалыптарды жасауды екі есеге жуық шапшаңдатуға мүмкіндік береді, бетонды жылытуды жеңілдетеді, бетон жұмысының өзіндік құнын арзандатады.

маларын мерзімінен бұрын орындады. «Буденный», «Александр Покрышкин», «Советская Молдавия» пароходтарының экипаждары жоспардан тыс мыңдағач тонна жүк тасыды. Кәзір кемелер командалары кемелердің қысқы жөндеу жұмысына белсене қатысуда.

Слетке қатысушылар Жоғарғы Ертістің бүкіл жас өзеншілерін кемелердің қысқы жөндеуін ойдағыдай өткізу жолындағы жарысқа шақырды.

сақталуда.

Колхозда қар тоқтату жұмыстары қызу қолға алынуда. Мұнда жүздеген гектар егістік алаңға қар тоқтататын қалқандар орнатылды.

Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеп, көктемгі егіске әзірлеу жұмыстары да ойдағыдай ұйымдастырылған. Кәзірдің өзінде мұнда 40 тырма, 10 бричка және басқа құрал-саймандар жөнделіп болды. Жұмыстың бұл участогінде ұста Н. Рябых жолдас стахановша еңбек етіп жүр. Ол ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуде күндік норманы үнемі артығымен орындайды.

А. МАНУЙЛОВ.

## Егін өнімін арттыру күресінде

Мамлют совхозының коллективі жаңа бесжылдық жоспарда көрсетілген ауыл шаруашылығы жөніндегі басты міндеттерінің бірі — дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай орындап шығу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Мұнда көктемгі егіске әзірлік қызу қолға алынған. Совхоз механизаторлары тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеп, дала жұмыстарына әзірленуде. Механизаторлар жұмыстың бұл участогінде табысты еңбек етіп жүр. Олар кәзірдің өзінде 7 трактор, 3 комбайн, 14 сеялка, 6 культиватор және басқа да тіркеу саймандарын толық жөндеп, алдағы көктем егісіне әзір етіп қойды.

Тұқым тазалаушылардың еңбегі де атап айтарлықтай. Жұмысшылар И. Энзельбраум, Жексенова, Гоцман жолдастар тұқым тазалауда сменалық норманы ұдайы асыра орындап жүргендер. Алдыңғы қатарлылардың өнімді еңбегі өз нәтижесін беруде. Кәзір, совхозда 960 центнер тұқым тазаланып, шығымдылық дәрежеге жеткізілді. Қар тоқтату, тыңайтқыш заттар жыйнау жұмыстарын да қызу қолға алды.

Л. МОРГУН.

талды. Конференция делегаттары сын мен өзара сынды кеңінен өрістете отырып, жұмыстағы кемшіліктердің бетін батыл ашты, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Бірінші болып сөз сөйлеген Приешім аудандық комсомол комитетінің секретары Коробцов жолдас аудан комсомолдері мен жастарының партияның XIX съезі қарсаңында және кәзіргі кездегі өндірістік табыстарын баяндады. Мұнан кейін ол жастар арасында социалистік жарыстың пәрменді ұйымдастырылуы қажет екендігіне тоқталды. Аудандық комсомол комитеті және кейбір бастауыш комсомол ұйымдары ауылшаруашылық озаттарының іс тәжірибелері мен советтік агро-биология ғылымының табыстарын жеткіліксіз насихаттайды.

Коробцов жолдас сөзінің соңында облыстық комсомол комитетін басшы комсомол кадрларын тәрбиелеу мәселесіне және қабылданған қарарлардың орындалуына жете мән бермейтіні үшін сынады.

— Есеп беріп отырған мерзім ішінде, — деді ол, — аудандық комсомол комитеттерінің бірінші секретарьларынан 10 адам, екінші секретарьларынан 11 адам ауысты. Мұның өзі облыстық комсомол комитетінің басшы комсомол кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу мәселесіне жеңіл-желпі қарайтынын толық дәлелдейді. Облыстық комитет түрлі мәселелер бойынша бір жылдың ішінде 275 қарар қабылдады. Бірақ, істің орындалуын тексерудің мүлдем қанағаттанғысыз болуынан жоғарыда аталған қарарлардың көпшілігі жүзеге асырылмай, қағаз бетінде қалып қойды. Облыстық комитеттің жаңа құрамы басшы комсомол кадрларын тәрбиелеу және істің орындалуын тексеру мәселелеріне жете назар аударуға тиіс.

Образцовой МТС-нің комбайншысы Тилеулин жолдас сөз алды.

— Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында, — деді ол, — социалистік ауыл шаруашылығын оның әрі механикаландыру мәселесіне зор көңіл бөлінген. Біздің МТС соңғы жылдардың өзінде 100-ден ас-

жүргізудің қажетті жағдайы жоқ, — деген идеологиялық және философиялық мәселелерді шешу мен басуының далдық-байшылық буіне жол беріп, колхоздың есебіне совет жастарының, Аралағаш оқушысы Бейсәлі комсомол комитетімен келісе алмай, тарихтан шығарып тастады.

Мұндай фактілерді басшы совет қызметкерлері феодалдық әдет-ғұрптарды қайта қалпына келтірудің мақсатында Аудандық халық зиян неке жөніндегі комиссия малап, Күлзирә үйленді. Осы екі қатарынан шығарып, комсомол комитетінің бұл ісін қарайды. Облыстық комитеттің Тетченко жолдаспен келіспесіз «данамамыз» деп мақсаттады. Тек облыстық іске араласуына комсомол комитетінің қайта қарайтын шығарып, комсомол комитетінің байшылықты тарға қарсы күресін қолдайтын көрсетеді.

Явленка орта мектебінің Мағаз ұйымдарының жөніндегі міндеттерге

Конференция орта мектебі комитеті Оспанова жолдаспен тыңдады. Оның жұмыс тәжірибесі Мектептің үгітшілерінің XIX съезінің арасында кеңінен тегі лекторлар тарапынан комсомолмен жұмыс

# дырушы сөзі

айлау округіндегі сайлаушылардың еген сөзінің 15 жылдығына)

периалистік асқан зор қын сый- да, — бур- буржуазия- тарды қор- сында өзіне берализмнен дығы» дей- ы барлар- танылады, аналуға га- кі материал ы ұлттардың яққа басыл- зшылықтың адамзаттар- правосыз- ы. Буржуа- андықтардың

ересе, басты 1-тағы кәзір- осы қағида- абылады. Бір демократиялық қалмаған фа- етке айнала ы, империа- індегі халық- тұншықты- яның және Одағы баста- еріне бірізкен дүниежүзілік геріне, дүние- тұтадырушы ыуда

қарым-қатынастар мүлде өзгеше. Совет де- путаты — халықтың қалай сайлаған ада- мы, оның мүдделерін білдіруші. Ол ха- лықтың алдында өзінің қызметі жайында есеп беріп отырады, ол өз сайлаушылары- мен тығыз байланыс жасап отырады. Егер депутат өз сайлаушыларының мүдделерін білдіруден тайса, егер ол халықтан қол үзсе, сайлаушылар оны депутаттықтан түсіріп, оның орнына лайықты адамды сайлайды. Бұл тәртіп Сталиндік Консти- туцияда көрсетілген. «Депутат халықтың қызметшісі екенін, — деді Сталин жолда, — халықтың ССРО Жоғарғы Советіне жі- берген адамы екенін білуі тиіс және ол халықтың нағазында айтып берген жолы- мен жүруге тиіс».

Сталин жолда өзін сөзінде совет де- путатының, Ленин тұрпатындағы саяси қайраткердің қандай болуы керек екенін көрсетіп берді. Советтік саяси қайраткер- дер, Сталин жолдастың атап көрсеткенін- дей, Лениндің даңғыл және тұрақты қай- раткер болуға, Ленин шайқастарда қандай ержүрек болса, халық жауларына қандай мейірімсіз болған болса, саяси қайраткер- дер де дәл сондай болуға тиіс; үрейленуге ұқсас нәрселердің қандайынан болса да Ленин қандай аулақ болса, олар да сондай аулақ болуға, қыйын мәселелерді шеш- кенде Лениндің дана болып, саспай шеш- уге тиіс; Ленин қандай шыншыл және адал болса, олар да сондай болуға, Ленин өз халқын қандай жақсы көрген болса, олар да өз халқын сондай жақсы көруге тиіс. Өз халқына, өз Отанына жаңамай қызмет ету — советтік саяси қайраткер- дің ең жоғарғы мақсаты, бірден-бір мін- деті, міне, осы.

Коммунистік партия, оның ұлы көсем- дері Ленин мен Сталин өздерінің комму- низм жолындағы асқан жігерлі бүкіл кү- ресімен халыққа қызмет етудің ұлы өне-



Петропавл станциясында стрелочниктердің білімін көтеру және тәжірибе ауысу жөнінде бір айлық курс ұйымдастырылған. СУРЕТТЕ: инженер Т. Игнатова жолдастың жалаумен хабар беру жөнінде практикалық сабақ өткізіп тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Сауда ұйымдарының жұмысы бүгінгі талаптарға сай болсын

Партиямыздың тарихи XIX съезі мем- лекеттік және жергілікті кооперативтік сауда қызметкерлерінің алдына еңбекші- лерді қажетті товарлармен қамтамасыз ету жөнінде жаңа міндеттер қойды. Бұл талаптарды мұлтіксіз жүзеге асыру үшін әрбір сауда ұйымы еңбекшілердің күнбе- күнгі қажеттерін тыңғылықты өтеу мақ- сатында тұтынушыларға қызмет ету жұ- мысын жақсартып, сауда қызметкерлері арасындағы социалистік жарысты кеңі- нен өрістетуге тиіс.

Алайда, Петропавл қаласындағы сауда орындарының жұмысы бүгінгі күні бұл талаптарға сай болмай отыр. Қаладағы сауда орындарында товар айналымының

нушылардың талабын өтей алмайтынды- ғы өзінен өзі белгілі.

Сонымен қатар, қаладағы сауда ұйым- дарының көпшілігінде әлі күнге дейін товарлар мен материалдарды талан-тараж- ға салу, тұтынушыларға товарларды кем өлшеп беру сыяқты сорақылықтар да срын алып келеді. Бұл үшін, ең алдымен, сауда ұйымдарының басшыларын кінәлауымыз керек. Өйткені, олар кадрларды іріктеп алуға, орналастыруға және тәрбиелеуге әлі жете мән бермей келеді.

Товар айналымы жоғарып мұлтіксіз орындау әрбір сауда ұйымы үшін нақты- лы заң болып табылады. Бірақ, мүмкін- шіліктің жеткіліктілігіне қарамастан, қала- ғары көпшілік тамақтандыру орындары-

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 декабрь. (СОТА). Корея Халық- Демократиялық Республикасы Ха- лық армиясының Бас командованиесі бү- гін былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрама- лары және қытай халық еріктілерінің бө- лімдері барлық майдандарда американа- ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Халық армиясының зенит бөлімдері же- не жау самолетін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді, 5 самолетін зияндады.

### ОҢТҮСТІК КОРЕЙ ҰШҚЫШЫНЫҢ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ ЖАҒЫНА ШЫҒУЫ

ПХЕНЬЯН, 8 декабрь. (СОТА). Соңғы кез- де лисынманшыл армияның солдаттары мен офицерлерінің Корея Халық армиясы жа- ғына шығуы көбейіп келеді.

Үстіміздегі жылғы 3 декабрьде Корея Халық Республикасының пункттерінің бі- ріне «Р—19» типті лисынманшыл армия- ның 14794 санды барлаушы соғыс самолө- ті қонды. Бұл самолеттің ұшқышы лей- тенант Кук Ен-ан Корея Халық Демокра- тиялық Республикасына өз еркімен ұшып келген. Ол өзінің туыскандарына қарсы соғысқысы келмейді. Кук Ен-ан лисынман- шыл армияның Кванжу аэродромында тұрған құрылықтық әскерлер штабы жа- нындағы авиациялық бөлек отрядта қыз- мет еткен.

Корея Халық- Демократиялық Респуб- ликасының мәдениет және насихат Ми- нистрлігі бүгін баспасөз конференциясын өткізді. Оған корей және шетелдік тілші- лер қатысты. Кук Ен-ан бірнеше сұрақ- тарға жауап берді. «Мен, — деді Кук Ен-ан, — халық мүддесіне қарсы күресіп жатқан армияда қызмет істей алмадым. Мен өзімнің отаным мен халқыма қызмет істегім келеді. Сондықтан да Солтүстік Кореяға ұшып келдім». Кук Ен-ан ли-

тығы жағдайында өтеді, өйткені бізде еңбекшілердің еркін бұрмалау үшін оларға қысым жасайтын ешкім жоқ.

Ал, капитал елдерінде жағдай басқаша. Сталин жолдастың көрсеткеніндей, капитал елдерінде сайлау «таптық соқтығысулар жағдайында, тап өштігі жағдайында, капиталистердің, помещиктердің, банкирлердің, капитализмнің тағы басқа жалмауыздарының тарапынан сайлаушыларға қысым жасауы жағдайында өтіп отырады. Мұндай сайлауды, ол тіпті жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау болған күннің өзінде де, толық еркін және толық демократиялық сайлау деп атауға болмайды».

Кәзіргі империалистік елдердегі сайлау практикасы бұдан 15 жыл бұрын Сталин жолдас айтқан осы қағиданың айқын дәлелі болып табылады.

Жақында АҚШ-та болған президент сайлауы бұрын-соңды болып көрмеген күйіншікті ауыр жағдайда, өрескел полициялық террор жағдайында өтті, сайлаудың барысында жан-түршігерлік алуан түрлі сұмдықтар жасалды. Американың баспасөзінде хабар етілгеніндей, Стивенсонды (демократиялық партиядан президенттікке ұсынылған кандидат) жақтаушылар вице-президенттің қызметіне ұсынылған республикалық кандидат Никсонды кандидаттықтан түсіруді көздеп, оның алаяқтық қылықтарын әшкереледі. Бірақ, республикалық партияның басшылығы оның кандидатурасын түсірмек болғанда Никсон Эйзенхауэрдің масқара былықтарын әшкерелеймін деп қорқытты, сондықтан Никсон туралы мәселе аяқсыз қалды.

Басқа да капиталистік елдердегі сыяқты, АҚШ-та сайлауды бұрмалау жұртшылық пікірін аңақтыру әдістерінің бірі — миллиондаған еңбекшілердің сайлауға қатысуына мүмкіндік бермейтін сайлау шараларына әр-алуан шек қоюшылық болып табылады.

Сталин жолдас партияның XIX съезі-

ол бағынбайды».

Қандай да болса капиталистік елдің сайлау практикасы депутаттардың сайлау алдында берген уәделерін өрескел бұзатындығының, сайлаушыларды ашықтан-ашық алдаудың толып жатқан фактілерін көрсетеді.

1948 жылғы президент сайлауының қарсаңында сайлаушылар алдында сөйлеген сөзінде Трумэн Тафта-Хартлидің реакциялық заңын жоюға, нәсілдік кемсітушілікті құртуға, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтеруге уәде берген болатын. Трумэн АҚШ президентінің қызметінде болған уақыттың ішінде ондаған миллион американдар өздерінің нағыз екіжүзді арсыздықпен алдауға түсірілгенін айқын көрді. Осы уақыттың ішінде жүздеген реакциялық заңдар қабылданды, нәсілдік кемсітушілік бұрынғыдан анағұрлым өрши түсті, ал халықтың тұрмыс дәрежесі шұғыл төмендеп, қайыршылық пен аштық бұрынғыдан да гөрі күшейді. Өзі президент болған жылдардың ішінде Трумэн өзінен бұрынғы АҚШ-тың барлық 31 президентін қоса есептегендегіден салықты анағұрлым көп жыйнағаны жұртқа мәлім.

1949 жылғы президент сайлауында Жапониядағы буржуазиялық партиялардың кандидаттары да екіжүзді даурықпа сөздер сөйлеп, уәделер беруден аянған жоқ. Үкметтік либералдар партиясы сол кезде салықтарды 100 миллиард пен кемітеміз деп халықтың қалың бұқарасына уәде берді. Өкмет басына келгеннен кейін бұл партия салықты шынында да... ірі капиталистер үшін ғана бес процент кемітті. Еңбекшілерді алатын болсақ, олардан алынатын салықтар үздіксіз артып, сонымен бірге жалақы кемуде.

Екіжүзділік, өтірік, алдау — буржуазиялық депутаттар қызметінің, олардың сайлаушылармен қарым-қатынасының шын сыйпаты міне осындай.

Бұған қарағанда, Совет Одағында депутаттар мен сайлаушылар арасындағы

бездердің бәрінде де Сталин жолдас совет халқын коммунизмнің салтанатына қарай зор сеніммен бұлжытпай алға бастап келді және әлі де алға бастап отыр.

Халықтың ұлы Сталинге деген сүйіспеншілігі ұшан-теңіз. Халық бұқарасы сүйікті көсемімізге шексіз сенеді. Сталин бүгінгі Ленин — дейді еңбекшілер.

Сталин жолдас сайлаушылар алдында сөз сөйлеген 1937 жылғы 11 декабрдің тарихи кешінде ССРО Үлкен театрының орасан зор залында: «Біз бәріміз Сталин жолдастың соңынан ереміз!» деген ұран көтерілді. Жүректің ең ыстық жерінен шыққан бұл жалынды сөздерде миллиондаған еңбекшілердің өздерінің көсемі және ұстазы Сталин жолдасқа деген сүйіспеншілігі мен берілгендігі айқын бейнеленді.

Сталиннің соңынан еру — демек, Лениннің жолымен алға басып, Лениннің дана нұсқауларын орындай отырып, коммунизм үшін жаянамай күресу деген сөз. Сталиннің соңынан еру — демек, совет халқының коммунизмнің жеңісі жолындағы күресінің ұлы ұйымдастырушысы — Коммунистік партияның дана саясатын барлық күшпен қолдап отыру деген сөз.

Сталиннің соңынан еру — демек, бейбітшілік үшін, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы күресу, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі — социалистік Отанның қуаттылығын тынбастан нығайту үшін күресу деген сөз. Сталиннің соңынан еру — демек, елімізде коммунизм орнату жолындағы күрестің аса зор программасы болып табылатын партияның XIX съезінің тарихи қарарларын мүлтіксіз жүзеге асыру деген сөз.

Өзінің моральдық-саяси бірлігі құрыптай берік көп ұлтты бүкіл совет халқы біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Сталин жолдастың соңынан еріп келеді. Сталиннің даналылығы біздің коммунизмге қарай алға басқан жолымызға нұр сәулесін төгуде.

Н. ВЛАДИМИРОВ.

## Отан қамқорлығы

Партиямыз бен үкметіміз Отан соғысының мүгедектері мен еңбек мүгедектеріне күнбе-күн көңіл бөліп, мәдени және тұрмыс дәрежесін көтеру мақсатында оларға материалдық және қаражат жағынан үнемі көмек көрсетіп, оқып білім алуларына, түрлі мамандықтарды меңгеруіне қамқорлық жасап отырады.

Облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі жанынан мүгедектер үшін ашылған оқу өндіріс комбинатында мамандығы жоқ мүгедектер бір жағынан оқып, білімін көтерсе, екінші жағынан таңдаған ісінің маманы болып шығуда. Мұнда олардың оқып, білім алуына барлық жағдай жасалған.

Оқу өндіріс комбинатынан оқып мамандық алып шыққан Отан соғысының мүгедегі Қаракөзов жолдас «Трикотаж-ник» артелінде, Мүсірепов жолдас «Екпінді» артелінде жұмыс істеп, күнделікті

тапсырмаларын үлестіріп орындайды.

Ал, өткен оқу жылында ашылған Шесток, I жолдастар быйылғы комбинатында өз мамандығын оқу комбинатында дегі жылы оқу кәсіпорындарына 5 шығарады.

Сол сыяқты, әлеуметтік мекемелері мүгедектерден да зор көмек көрсетіп, басынан бері қамсыздандыру бөлімі миллион сомнан астам және қайтарылмайтын нымен қабат, 448 тар мен санаторий деп алып келді.

## Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

### жазылушылар қабылданады

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдері жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мейлінше тұруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар бөлiмдерi — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлiмдерi—1-33-2, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—0-22, газет табыс бөлiмдерi—3-13.